

Журналы

Журнал Қазақстан, жалпы Орталық Азия, Еуразия кеңістігі тарихы мәселелерімен айналысадын дүниежүзі ғалымдарының, сонымен бірge оқытушылардың, докторанттардың, магистранттар мен студенттердің ғылыми ізденістерінің нәтижелерін жариялау арналған.

№1 (13) қаңтар-наурыз 2018

Басты бет » Материалдар » УДК 39 (=512.122)(560) МРНТИ 03.41.01 ТУРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНІН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (экспедицияда жиналған материалдар негізінде)

Бейсегулова А.Қ. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Тарих, археология және этнология факультетін УДК 39 (=512.122)(560) МРНТИ 03.41.01 ТУРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНІН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (экспедицияда жиналған материалдар негізінде)

«edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № №1(13)2018

Каралуы: 16
Рецензиялар жоқ

Жүктөу
Бейсегулова А. макала edugovka.docx
0.8 MB

Санат
Пәннадағы зерттеулер

RU

**УДК 39 (=512.122)(560)
МРНТИ 03.41.01**

Бейсегулова А.Қ.
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Тарих, археология және этнология факультетінің PhD докторанты, Қазақстан
Республикасы, Алматы қ.

ТУРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНІН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (экспедицияда жиналған материалдар негізінде)

Aңдатта

Мақалада түркия қазақ диаспрасының қазіргі кезеңдегі проблемалары қозғалады. Әсіресе этномәдениетіндегі өзгеріске ұшыраған салт-дәстүрлері, материалдық мәдениетіндегі ерекшеліктерін қарастырамыз. Өз территориясынан бөлек кеткен отандастарымыздың тілді сақтап қалудағы істері мен бөгде ортадағы өзара үрдістердің этникалық мәдениетке тигізген ықпалы талдау жасалды. Этнографиялық зерттеу экспедициясы бойынша жасалынған жұмыста қазақ диаспорасының бірегейлік жақтары мен сандық ерекшеліктері және қазіргі кезеңдегі тіл мәселесі қозғалады.

Түйін сөздер: диаспора, этнос, тіл, мәдениет, саны, үдеріс

Аннотация
Бейсегулова А.К.

ОСОБЕННОСТИ ЭТНОКУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ ТУРЦИИ

В статье рассматриваются актуальные проблемы, связанные с представителями казахской диаспоры в Турции. Особое внимание удалено изменениям и особенностям традиций и материальной культуры в этнокультурной среде. Автор проанализировал влияние турецкой культурной среды на сохранение и взаимодействие языков, на

этническую культуру казахов Турции. В сбора материалов во время этнографической исследовательской экспедиции основное внимание было уделено изучению количественного состава, уникальным особенностям культуры представителей казахской диаспоры и языковой проблеме, существующей на современном этапе.

Ключевые слова: диаспора, , этнос, язык, культура, численность, процесс

Abstract

Beysegulova A.K.

Kazakh National University, PhD student, aika_n75@mail.ru

PECULIARITIES OF ETHNOCULTURE OF KAZAKH OF TURKEY

The article deals with topical issues related to representatives of the Kazakh diaspora in Turkey. Particular attention is paid to the changes and peculiarities of traditions and material culture in the ethno-cultural environment. The author analyzed the influence of the Turkish cultural environment on the preservation and interaction of languages, on the ethnic culture of the Kazakhs of Turkey. In the collection of materials during the ethnographic research expedition, the main attention was paid to the study of the quantitative composition, unique features of the culture of representatives of the Kazakh diaspora and the language problem existing at the present stage.

Keywords: diaspora,, ethnos, language, culture, number, process

Түркиядағы қазақ диаспорасы түрік еліне үш аумақтан қоныс аударған. Бірінші топ 1928-1938 жж. Қытай жақтан Тибет, Үндістан, Пәкістан асып, 1951-1956 жж. Түркияға келген Алтай қазактары. Екінші топ 1980 жылдары орыс-ауған соғысы кезінде жан сауғалап келген Ауғанстан қазактары, үшінші топ осы кезеңдерде Ираннан ауған қазактарын құрап отыр [1]. Бұл қазақтардың барлығы Стамбулдың Гюнешли ауданындағы Қазақкент, Зейтинбурн, Кучук, Чекмеджи, Сафра-көй, Орнектепе аумақтарында, Ниде қаласына жақын Алтай ауылын мекендейді. Бұл жердің қазактары саны туралы мәліметтер әралуан. Түркиядағы қазактар қауымдастырының берген мәліметі бойынша, бұгінде Стамбулдың Зейтінбұрны ауданында 13400-дей қазақ тұрса, Гүнешли ауданында 6000 қазақ мекендейді. Сапагөй, Шекпенжер аудандарында – 1500-2000, Измирде 1000 қазақ тұрады. Жалпы алғанда, қазақ қауымдастық орталығы Түркияда 21500-22000 қазақ бар деп межелейді [2].

Ал сол кездегі «Қазақ түркілері» қорының төрағасы Дервиш Қылыштың берген мәліметі бойынша 2007 жылғы санақ нәтижесінде 6 мың отбасы, 20 мыннан астам қазақ бар [3]. 2008 жылғы санаққа сенсек, қазактар ең көп шоғырланған Зейтінбұрны ауданында 13400 қазақтың саны 10000-ға дейін қысқарыпты. Оның басты себебін, Түркиядан Қазақстанға жылына 50 отбасының қоныс аударуымен түсіндіреді [4].

Қазіргі кезеңдегі нақты санын көрсете қою қын. Себебі бұл елде халықтардың саны ұлтына қарай емес, азamatтық есебі бойынша саналады. Ақпарат берушілердің мәліметінше қазақтардың бұл мемлекеттегі ресми санын біле алмаймыз.

Түркияға барған қазақтардың кейбір тобы алғашқыда ұлтын қазақ деп көрсетпей, татар не түрік деп жаздырған. Түркиядағы отандастарымыздан алған мәліметіміз бойынша қазіргі кезеңде олардың саны 10000 қазаққа жетпейді еken (I). Олардың алғашқы көрсеткіштен азаю себебі 1961 жылы Германия мен Түркия арасында қабылданған «Еңбек миграциясы туралы келісімшарттың» шенберінде 1962 жылдан бастап Түркиядан Германияға қоныс аударуынан. Ал бір бөлігінің бұгінде тарихи отаны Қазақстанға оралғандығында.

Енді осы қалған қазақ этносы қаншалықты ертеден қанына сіңген әдет–ғурып, салт-дәстүр, этникалық менталитетін қаншалықты өзгеріске түсіріп отыр.

Қазіргі уақытта көптеген қоғамдар, адамдар және жеке тұлғалар бірегейлену дағдарысына ұшырап отыр деген сипаттама береді. Осы жөнінде философ ғалымдар: Бұл мәселе қазіргі тарихи кезеңде тек теориялық жағынан ғана емес, ол сонымен қатар практикалық жағынан да үлкен маңызға ие болып отыр, яғни қазақ этносы өкілдерінің қандай мемлекеттік территорияда өмір сүргеніне қарамастан этникалық өзіндік санасының сапасын төмendetпеуге тырысуы, тарихи бірлігін, күрделі жағдайларда әртүрліліктің біртұтастығын сақтауға талаптануының маңыздылығы артуда. Шағын этникалық қауымдастықтар өзінің мәдениетін, өркениеттік құндылықтарын өзі өмір сүретін ортада этномәдени доминанталық рөл атқаратын тарихи субъектілердің реисми кеңістіктік зандарына сәйкес қалыптастырады. Осы қатынастардан туындастырын ерекше зандылықтар барлық диаспоралық қауымдастықтар үшін өмір сүру салтының ерекше сипатын анықтайды, ал қазақ диаспорасы осы өзара байланыстар қисынынан шеттеп қалмайды [5].

Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын алғаш зерттеген Швециялық ғалым Ингвар Сванбергтің «Казахская диаспора: Проблемы этнического выживания» зерттеуінде [6]. түркі халықтарының ішінде басқа түркі текстес халықтармен салыстырғанда қазақтар – ассимиляцияға көп ұшырамайтын диаспора. Мұндай этникалық және тілдік ортада өмір сүретін басқа қазақ диаспорасының қазақтығын, ұлттық тұтастығын сактауы – барлық 39 мемлекеттерде тұратын қазақ диаспорасына тән құбылыш. Бұл шеттегі қазақтардың ұлтына, ата-жұрттына, тіліне, дініне, салт-дәстүріне, жалпы алғанда ұлттық мәдениетіне, дәстүрлі халықтық дүниетанымына, даналыққа деген керемет құштарлықтың, өшпес үміттің нәтижесі деп жазған [6, 44 б.].

Түркияға ауған қазақ зиялышының бірі Халифа Алтай: «Бұғынгі Түркия қазақтарының түріктерден ерекшелігі өздерінің ата салты мен халық дәстүрлерінің кейбірін сақтап қалуда. Мәселен кісі жерлеу, оның жетісі, қырқы мен жылын беру бар. Тойлар қазақтың салт-дәстүрлері бойынша өтеді», – деп көрсетеді [7, 105 б.]. Дегенмен де, көптеген жылдар бойы басқа халықтың әлемінде өмір сүрген соң, жат жердің тілі, мәдениеті, санасы, ұлттық психологиясы, салт-дәстүрі сол жерде тұрып жатқан қазақтарға да әсер етпей қоймайтыны анық. Оның үстіне қазақ диаспораларының түріктермен қаны, діні тамырлас, тілі ұқсас болуы да олардың басқа халықтармен салыстырғанда біртіндеп сінісіп кетуіне оң ықпал етуде.

Ал, жас ұрпақтарының бәрі түрікше саят ашып түрік тілінде оқыған түркиядағы қазақ этносы қашалықты қазақ тілінде сөйлейд. Ақпарат берушілердің айтуынша түрік елінің тілі, діні, ділі қазақтармен бір түбірден шығып, тамырлас болғандықтан сол елді паналап барған қазақтар түрік тіліне бейімделе бастағаны соңшалық, түрік тілін ана тіліндегі тез арада менгеріп алды. Сол үшін қазақтардың екінші буыны ана тілін түрік тілімен ауыстыра бастады. Сондықтан болар, қазіргі Еуропадағы олардың ұрпақтары ағылшын, неміс, француз, тағы басқа европалық тілдермен қоса, түрік тілінде тамаша сөйлей алады да, қазақ тіліне келгенде шорқақтайды (II). Этностиң мәнін тек өзіндік сана-сезім деп аталатын мұндай өзіндік сана-сезімнің қалқасында адамдар этноси на кіретін объективті шын мәнінде өмірде орын алғып отырған белгілер бар. Бұл бәрінен бұрын этнос мүшелері тұрмыс салтының көзге түсsetін ортақ белілер мен айырма ерекшеліктер. Сол салалардың ішіндегі аса маңыздыларының бірі тіл [8, 5 б.].

Қазіргі кезеңде қариялар мен орта жастағылар болмаса қазақ жастары өзінің ана тілін ұмытқан. Оның ең бір басты себептерінің бірі жергілікті ұлт өкілдерімен аралас некенің көбеюі. Әрине енді мұндаидар некеден тараған балалар жеті атаны тізбектеп айтпак түгілі, ана тілінде де сөйлей алмайды. Көпшілігі (жастар) қазақпыз дегеннен басқаны мұлде білмейді. Осы жөнінде мына бір мәліметте: «Бұған бірінші себеп отырықшы өмірге көшу болса, екіншіден аралас некедегі отбасында ұлттық әдет-ғұрыпты сақтауға мән берілмей, тұрмыс заны, әдет ғұрыптағы араластық қалыпқа түсіп, негізгі түбірін сақтай алмай қалған. Мәселен, Түркиядағы аралас семьялы отбасында түрік халқының салт-дәстүрлері басымдық рөлге ие болып, қазақтың байырғы салт-дәстүр түрлері өзінің

мазмұны және түрі жағынан өзгеріске ұшыраған» [7]. Осы жерде тіпті дүниеге келген нәрестеге ат қою рәсіміне де өзгешеліктер байқалады, ол түрік халқының есім беру салтындағы ол екі есім беру салты. Немесе оны «қіндік ат» деп те атайды. Түрік халқында қалыптасқан салттың бірі қіндік ат (göbek ismi) қою. Ең алдымен бала дүниеге келгеннен кейін қіндігін кескен кісі сол сәтте қіндік атын қояды. Қіндік ат ретінде Алланың аттарынан бірі, пайғамбарлардың есімі мен олардың жақындарының атын, қасиетті кітаптарда кездесетін есімдер мен ұлы кіслердің есімдерін беріп отырады. Көп жағдайда қіндік аты ретінде ер балаға *Mehmet*, қызы балаға *Fatma* есімдерін береді. Бұл баланың ең бірінші есімі болып есептеледі. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Кәміл Гезердың айтуынша, Түркияда бөтен аттарды түрікшеге сай етіп жазуды міндеттейтін заң бар екен (III). Осы ат қоюға байланысты ғалым Ислам Жеменей өз еңбегінде: Ауғанстан, Ираннан Түркияға келген қазақтар арасында балаларына ат қоюда қазақша аттардың орнына біргінде парсы есімдері қойылып жатыр. Бұның себебі қазақ есімдерін парсы тілінде айтылуы да, жазылуы да қызын болғандықтан, екіншіден қазақ есімдерінің кейбірі парсы тілінде жағымсыз мағынан білдіретіндіктен сондай ауысымға мәжбүр болып отыр. Сол себепті ерлі-зайыпты Өргешбай мен Дән өздерінің ұл - қызын Абдолла мен Морварид (Меруерт) деп атаған дейді Ислам Жеменей [9, 196.].

Қазіргі кезеңде Түркия қазақтарының аты-жөні, есімдерінің дені — түрікше және парсыша олар көбіне құраннан алынған мұсылман есімдері. Мысалы: Айша Полаттың балаларының аттары: Хұмейра, Насим, Ясин, Хасым, Ибраһим, Әмина, Абдулла. Ақан Хадарлының балаларының аттары: Қараман, Түркән, Нұртөн, Рамазан, Недіме. Немерелерінің атты: Муфиде, Есма, Мәруа, Құясар. Емра, Есра, Үшрә, Хұмра, Әнуар, Эмра, Эмаль құраннан қойылған есімдер, - дейді (IV). Информаторлардың кейбіреуі атын түрікше қоймасақ кейін мектепке барғанда түрік балалары қазақ есімдерін түсінбеуі мүмкін деген еді. Сонымен қатар, баланың құжатын алуға барғанда қазақша есімдерді түсінбей фонетикалық өзгерістерге ұшырап жатады екен.

Өздерін «қазақпыз» дегенімен, есімдері де, фамилиялары да түрікше. Ресми құжаттардағы қазақтардың тегін (фамилиясын) үкімет береді 1950 жылдары түрік билігі құжаттар бергенде қазақтарға жаңа фамилия жазған.

Қазақ есімдерімен қатар Түркия Заңы бойынша, бөтен аттарды, яки түрікшеге ерсі келген сөздерді қуәлікке жазғызбайды. Осыған байланысты И. Сванберг: «Түркияға келген қазақ отбасыларына 1934 жылғы атауларға қатысты енгізілген реформаға сәйкес түрік фамилияларын берген. Кей жағдайларда ағайындарға әр түрлі фамилияны алу да тиімді болды. Себебі, осы тегіне қарай олар Анадолыдан жеке баспана, т.б. женелідіктер алуға мүмкіндік алатын еді. Көп жағдайларда олар географиялық не этникалық шыққан тегіне қарай атауды таңдайды. Бірақ көбіне дыбысталу жағынан түрікке жақын болу керек. Мысалы, Алтай, Алтан, Аксакал, Жагатай не Тюркимтан», – деп жазады [6, 163б.]. Сол сияқты ақпарат беруші Мансұр Тәйжі де өзінің тегі жөнінде: «Түркияға келген қазақтарды өкімет қабылдап, азаматтық бергенде адамның түріне, келбетіне қарап текті өздері ұсынды. Менің әкемнен сіздің атыңыз кім деп сұраған әкем «Хұсайын Тәйжі» деген содан бұл кісінің атын Хұсайын, тегін Тәйжі деп жазып береді. Мысалы дүниежүзіне аты әйгілі таэквондист Мұстафа Өзтуріктің әкесі Кәбен деген кісіге өзі мұртты, қою қара қасты кісі болған соң мынау нағыз түрік екен деп тегін «Өзтурік» деп жазады», [10, 197 б.].

Жеті аға дейін қызы алыспау, отбасылық қағидалаларды ұстанғанымызбен, салт-дәстүріміз түркі халықтарының ұқсас болғандықтан, қазақтардың үйлену тойлары да түрік этносына өте жағын кейбір үйлену тойы түріктердегідей шәй, тамақсыз өтуі мүмкін. Түріктер мен қазақтардың той мен ас берудегі мәзірлері бірдей деуге болады. Түрік тәттілері дайындалғанымен, қазақтар көп жиналған ортада қазақтың еті асып, бауырсағы пісірледі (V).

Қытайдағы ел қамын ойлап көтерілістің басы-қасында болған Зұха батырдың үрпағы Хаджипа апамыз соңғы кезде қазақ салт-дәстүрлерінің бәсендеріп оның орнына

түрік салт-дәстүрінің басым болып бара жатқанын айтады, мысалы қазақ қыздарының түрік қалындығы тағатын қызық белбеу тағу ырымының сіңгенің айтады, бұл ырымның мақсаты белің бекем болсын дегенді білдіреді екен, (VI). Сонымен қатар, қына жағу – немесе (қына тұні) – «Kina gecesi» қыз ұзату тойы алдында қыздың үйінде құрбы құрдастары, жақын туыстары жиналып өткізілетін бұл дәстүр түріктерден енген. Оған тек қыз-келіншектер ғана қатысады. Тұрмысқа шығатын қызды ортаға алып қынаны суға езіп қыздың алақанына жағады. Қызға жағатын қынаны күйеу жігіт жағылады. Осы дәстүр бойынша ақпарат берушілердің бірі: түріктерден енген сирек жасалатын көніл көтеретін дәстүрдің бірі «қына жақ» (kina jak), қыз тұрмысқа шығатынның алдында бір күн бұрын қыздың үйінде қыздың құрбыларын, туған туыстарын шақырып жасалайды. Билеп, өлең айтып көніл көтеру үшін жасалатын мереке. Ал, түріктер қынаны 3 рет жағады. Бірінші құрбандықта шалған қойға жағылады құдай жолына береміз дегені, екінші рет келінге жағамыз, тұрмысқа шыққанда күйеу жаққа судай сіңіп, тастай батсын деген мағынаны білдіреді, үшінші рет әскерге кеткен жігітке жағады, ол Отанына адал болсын дегені дейді (VII).

Дегенменде, Түркия қазақтарының тойларда, жиналған жиындарда ауыз бірлігінің нығызы. Алыстағы ағайын даналықта толы беташар дәстүрін, қуаныш, шаттық айғағы ретінде жасалатын шашу ғұрпын орындаған келеді. Сонымен қатар, қандастарымыз қыз көру, сырға салу, құда тұсу сынды атадан қалған салт-дәстүрлеріміздің қаймағын бұзбай сақтаған, жастарға өнеге болып отыр.

Этномәдени өзгерістер қандастарымыздың ас-мәзірі мен киім-киісінен де байқалады. Тағамтану тәртібінде де сол тұрып жатқан халықтың мәдениетінің әсері мол. Қазақ халықының басты шаруашылығы мал шаруашылығы болғандықтан әрине олардың тағамында ет пен сүт өнімдері басты орында болғанымен, түрік елінің көкөніс пен дәнді дақылды өнімдерін сінірумен қатар, кезінде Үндістан, Пәкістан арқылы босқын болған қазақтар дәстүрлі ет пен сүт тағамдарының орнына көбіне көкөністер мен күрішті көп қолданатын болды. Мәселен, 1946 жылы Бхопал қаласында Үндістан үкіметі қазақ әйелдерін Үндістанның тағамдарын жасауға үйреткен. Сондықтан Түркиядығы қазақтар үнді-пәкістандықтардың ас-мәзірін үйреніп оны кей жағдайларда әлі де болса дайындаиды. Соның ішінде Sapatı (чапати), tırgali (түрлі дәмдеуіштер қосылған сорпа) сонымен қатар аңы бұрыш және чутни (етке арналған қышқылжеміс қосындысы) тағамдарын көп пайдаланады [7, С.192.].

Әдетте отбасында ұннан, ашытқы, қант май қосып «Пиде» деген түрік күлшесі мен қатпарлы қамырдан ет, пияз, болгар бұрышын, санырауқұлақ, өсімдік майын, жұмыртқа қосып түрік бәліштерін де дайындаиды (VI).

Қай халықтың болмасын ұлттық киімі оның тіршілік ағысындағы тұрмыс салтымен, қалыптасқан шаруашылық жүйесінің түрімен байланысты болған. Өзіндік ерекшеліктері бар халықмыздың ким ұлгілері тарихтың даму сатысында үнемі өзгеріске ұшырап отырды.

Түрік елінде тұрып жатқан қазақтар Түрік, Иран, Ауган мұсылман елдері болғандықтан көбіне әйел адамдары барлығы дерлікте қайырма жағалы, жеңі ұзын, кең және ұзын етек көйлек киіп, бастарына ішкі жағынан кішкентай орамал бүркеніп, сыртынан ұлken ақ жаулық тартады. Ежелден-ақ, қазақ әйелдері үйде жалаңбас жүрмей басына ақ орамал тартатын. Түркия жерінде де орта және ұлken жастағы әйелдер бастарына жаппай ақ жұқа шыт не жібек матадан жаулық тағады. Ал, қыз-келіншектер түрлі-түсті, гүлді, кестелі орамалдар тағады. Шашы мойыны көрінбейді, себебі Түркиядығы әйел адамдар денесін көрсетпейді, жалаңбас жүрмейді. Дегенмен де қазақтар да жас ерекшелігіне қарай киінуді сақтаған. Қазіргі кезеңде жастардың киім кию дәстүріне батыс европаның әсері барлығы анық. Ұлken ер кісі болсын, әйел адам болсын көйлектері мен іш киім, бас киімдерінде сол жерде тұрған жергілікті ортандың киім ұлгілерінің элементтері мол екендігі байқалады. Мысалы ауган, иран елдерінен келген қазақтар алды қеудесіне дейін түймеленетін ұзын ерлер жейдесін киеді. Сонымен қатар ақпарат

берушілердің айтуынша сол 1964 жылдары Ауғаннан келген қазақтарбастарына сәлде орап, үстеріне шапан, аяқтары жалаңақ ауған халқы кейпінде келгендігін айтады (V).

Түркия қазақтарындағы басқа мәдениеттің, құбылыстардың кең етек жаюына бір жағынан көнекөз қариялардың азайып бара жатқандығы да әсер ететіндіктен, қазіргі кезде қазақ жастарына мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтау өзекті мәселенің бірі болып отыр. Дегенмен де қазақ диаспора өкілдері шетелдерде жүрсе де өз тілдері мен әдет-ғұрыптарын сақтап қалуға атсалысуда. Сол себепті ақсақалдар бас қосып, жас үрпақты қазақтың мәдениетімен, салт-дәстүрімен, тарихымен таныстыра отырып, қазақ тіліне үйрету арқылы қазақы рухта тәрбиелеу, қазақтардың өз арасындағы ынтымағы мен байланысын нығайту мақсаттарында Түркиядың қазақ диаспорасының отырған жерлерінде бірқатар қоғамдық үйімдар мен қорлар құрған. Қазіргі таңда Түркиядың қазақ диаспорасы өкілдерінің күшімен құрылған Стамбулда «Қазақ түркілері қоры», «Яссайи қоры», «Шығыс Түркістан көші-қон одагы» «Гүнешлі қазақтары қоғамы», Маниса аймағындағы «Салихлы қазақтары қоғамы», Нигде аймағы Ұлукышла ауданындағы «Алтай ауылы қазақ қоғамы», Кониядағы «Ісміл ауылы қазақ түркілері мәдениет және әлеуметтік жәрдем қоғамдары» жұмыс істеуде [1].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қалшабаева Б.К., Бейсегулова А.К. Түркия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ университеті, – 2013, 184 б.
2. Тасболатова К. Түркия қазақтары: қазақтың сақтап қала ма? // Түркістан. – №21 – 2007. 24 мамыр.
3. Бейбіт Бөженнің Дервиш Қылышпен сұхбаты. Тұбі беріміз Отанға ораламыз // Айқын. № 25 (962), – 2008. 12 ақпан.
4. Әбділуақап Қара. Түркияды 20 мыңдан астам қазақ тұрады // Айқын. – 2008. 3 шілде.
5. Нұрмұратов С. Қазіргі тарихи кезең және шетел қазақтары// Алтын бесік. №5, – 2015.
6. Сванберг И. Казахская диаспора: проблемы этнического выживания. – Алматы: Атамұра, 1997. – 224 с.
7. Халифа Алтай. Алтайдан ауған ел. – Астана: Астана полиграфия, 2011. – 278 б.
8. Этнография. Ю.В. Бромлей, Г.Е. Марков – Алматы: Мектеп, –1987. – 318 б.
9. Жеменей И. Иран қазақтары (тыныс тіршілігі, салт-дәстүрі). – Алматы, 2007. – 149 б.
10. Оралтай Хасан. Елімайлап өткен өмір: Шығыс Түркістан қазақтарының 1930 жылдан бергі елден және шеттегі ұлт-азаттық қурестерінен көріністер, сондай-ақ Такламакан шөлінде, Гималай тауында, Түркия мен Германияда арпалысып өткен жылдар. – Ыстанбул, 1999. – 730 б.

Информаторлар тізімі

- I. Мансұр Тәйжі жасы 68-де, руы Найман. Стамбул қ., Түркия.
- II. Әбдулахаб Қара жасы 52- де, руы Найман. Стамбул қ., Түркия.
- III. Кәміл Гезер Стамбул қаласы, Гүнешлі ауданы, Түркия.
- IV. Айша Полат жасы 57-де, руы Жалайыр Қаскелен қ. Алматы обл.
- V. Қадиша Рамазанқызы Стамбул қ., Түркия.
- VI. Кулия Соғығадан (Тәйжі) жасы- 66, руы Керей. Стамбул қ., Түркия.
- VII. Айшегүл Жігіт. Жасы -35 де. Керей. Түркия.



Түркия қазақтарының үйлену тойынан көріністер